

## Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қазандағы N 1496 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 09 қарашада N 2716 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 13.11.2014 N 2718 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 13.11.2014 N 2718 қаулысымен. Р Қ А О ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2001 жылғы 23 қаңтардағы 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2005 жылғы 13 сәуірдегі 16-бабына, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Зырян ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек-балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі- әлеуметтік көмек).

2. Әрбір мүгедек-балаға ай сайын 6,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек ұсынылсын.

3. Келесі шарттар бекітілсін:

1) мүгедек-балаларға (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек-балалардан басқа) әлеуметтік көмек отбасы табысына қарамастан, үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек-балалардың ата-анасының біреуіне және заңды өкілдеріне төленеді;

2) әлеуметтік көмек өтініш білдірген айдан бастап «Шығыс-Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген хабарласу айынан бастап мерзім біткенге дейін ұсынылады;

3) әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсуіне байланысты жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға алып келген жағдайлар болған кезде (мүгедек-баланың 18 жасқа толуы, мүгедек-баланың қайтыс болуы,

